

# Ерік НАРЫН

МӘР

ЖІ  
2018

**Ерік Нарын**

**МӘР**



Қарағанды  
2019

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 Қаз-5

Н 25

Ерік Нарын: Мөр. - Қарағанды: Tengri Ltd,

2019. - 94 б.

ISBN 978-601-7950-60-6

Жас ақын Ерік Нарынның тұңғыш жыр кітабына өзіндік өмір тынысы мен ой өрісін хат қылған құсни жырлары енген. Өзіндік पोшымы бар өлеңдерінен жас жігіттің жүрек қағысы мен жан дауысы естіледі. Туған жер, табиғат лирикалары айрықша жырланып, махаббат пен адалдықты, тазалық пен пәктікті асқақ сезіммен әйгілейді.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 Қаз-5

Тырнақалды туындыларымның кітап болып шығуын қолдап, демеушілік жасаған Арқаның атымтай жомарт азаматы Сапар Ипкеев мырза мен айтыскер ақын Айтбай Жұмағұлов ағама шын ниетіммен алғыс айтып, ризашылығымды білдіремін.

ISBN 978-601-7950-60-6

© Ерік Нарын, 2019

## АҚ ЖОЛ, БАУЫРЫМ!

XX ғасырдың 80-ші жылдары «XX ғасырдың 20 сәтін» жазып, көктен жерге түсе алмай жүрген кезім... Алматының барларын басыма көтеріп жүргенім есімде. Қасымда – Дәуітәлі.

– Қайдан келген жігітсің? – деді сонда біреу.

– Арқадан...

– Арқаның қай жерінен?

– Қарағандыдан?..

– Қарағанды да қазақ тілін біледі екен ғой?!

– Неге біл-мей-ді? – дедім. Даусым тым созылыңқырап, қатқылдау шығып кетті-ау деймін, Дәуітәлі бір пәленің боларын сезгендей: «Бұлар қазақ тілі өз алдына, перінің де тілін де біледі ғой!» – деп сақылдап күліп жіберді...

«Мен – Үйсінмін!» – деп Мұқағали айтпақшы, ормандай сыңсыған орысы көп болса да, Алаш құнары сіңген жерден туып, Абай тілінің жұпары аңқыған елден шықтық – Тәңірге тәуба!

Баяғыда осы Қарағандыда қасымда бір-екі-үш-ақ ақын жүр еді. Қазір солардың қарасы көбейіп, өзінше бір қауым болып қалды. Серік Сағынтай, Қайрат Асқар, Руслан Нұрбайлар бастаған 90-шы жылдардағы жас толқынға Жоламан Айткен, Ерік Нарынның тағы бір асау толқыны келіп, қосылып жатыр. Бұлар қазақ жырының тереңінен жүзіп ішіп, әлемдік поэзияның құнарынан нәр алып жатқан тегеурінді буын. Соның ішінде осы Ерік

Нарынның шығармашылық ізденістері елден ерекше десе болады. Қасым туған қасиетті топырақта кіндігі кесілген жас ақынның жан-дүниесі, өлеңі де шынайылығымен баурайды. Ел көшіп, иесіз жерде қалған аялдама туралы өлеңіне қараңыз:

Бүлдіршіндер күтпейді енді анасын.  
Нанбасыңа не амал бар – нанасың!  
Сұлулар да сарбаздарын қарсы алып,  
Бауырлары күтпейді енді ағасын.

Жалғыздыққа көну қиын  
Ал, дауылға төзбес кім?!  
Жалғыздыққа ұйқы бердім, шер кештім.  
Аялдама тағдырласым боп шықты,  
Күтпейді онда сағынғанын енді ешкім!

Маңайында –  
Жусандары бұлттың жасын қылғытып,  
Күре жолдан Ай мен жылды жылжытып,  
Жалғыз өзі күре жолдың бойында,  
Аялдама – әлдекімді тұр күтіп...

Жүректі шым еткізетін өлең бұл! Артық-ауыс сөзі жоқ. Әр сөз – өз орынында. Бір кезде бізге Абай әкелген еуропалық өлең мәдениетінің иісі бұрқырап тұр мұнда. Біреулерше сөзбен ойнамайды бұл... «Інжілде» айтылатын «Ең бірінші пайда болған – Сөз. Сөздің киесі бар» деген тәмсілді жан-жүрегімен сезінеді ол. Шөп те, шөңге де

өлең емес, Поэзия деген – Рух екенін бажай-  
лай бастапты... Мен соған қуанып отырмын.

Алда өз жаныңды өзің тезге салатын небір  
ұйқысыз түндер, қым-қуыт ізденіс жылдары  
күтіп тұр. Оған екiнiң бiрi, егiздiң сыңары  
шыдай алмайды! Анасынан ақы болып  
туған адам ғана төтеп берер тағдыр-таланы –  
бұл. Маңдайға Тәңiрi не жазды, соны көресiң.  
Жаныңды шүберекке түйiп, Алаш-Анаңның  
алдына келе жатырсың! Алла алқағай сенi:  
жүрегiңдi кiр шалмай, «Фейсбуктегi» жаяу  
жарысқа ерiп, шаңдатып кетiп, санаңа  
Жаратқан сәуле түсiретiн саңылауыңды жа-  
уып алмасаң, Қасымдар шыққан қияда қанат  
қағатыныңа сенiмiм кәмiл!

***Серiк АҚСҰҢҚАРҰЛЫ***

\*\*\*

«Қазығұрттың басында кеме қалған»,  
Бұлаңдайды күдігім белең алған:  
Бір кемеге жол бастап барады анық,  
Көз алдымда суылдап жебе жалған.

Түйсігімнің түбінен жымыңдап от,  
Қорқынышым сендірді-ау ырымға көп!  
Адамзатты жарылқар аян түгіл,  
Бір мұңлықты жұбатар жырым да жоқ.

Келер күнім мейірім береді деп,  
Көкірегімде шоқ үміт келеді ұдеп.  
Топан мұңның тербелсін толқынында,  
Ақ желкені жыртылған кеме жүрек.

Аулақ ұстап өзді-өзін былықтардан,  
Сол жүректе не түрлі тұныпты арман.  
Шер-күйіктің кемесі адасып кеп,  
Қазығұрттай кеудемде тұрып қалған!

\*\*\*

*Ақында адамзаттан дос болмайды...*

**Мағжан Жұмабаев**

Аярға да мұңын шаққан жат болмай,  
Қайран көңіл аңқылдаған ақ маңдай!  
Күнде бір дос тапқанымға қуанам,  
Бір атадан соңғы тұяқ тапқандай.

Өлең оқып мейірімнің атынан,  
Мәңгі серік жалғыздықтың атынан,  
Досым көп деп өз-өзімнен мәз болып,  
Барда жалғыз отырам.

Серік іздеп көтерілер Күн өрден,  
Көкірегінде шер сүрленіп, мұң өлген.  
Бұл жалғаннан тең таппаған өзіне,  
Анау Күнмен тағдырласпын, білем, мен!

Күн – құдірет!  
Құдіретке тағдыр тәйірі жүк пе екен?!  
Күмән бе екен, көңілдегі күп пе екен?!  
Тағдырына шыдай алмай өртенді ол,  
Мен дегенің мықты екем!



## Перзент жыры

Демалыста барам десем ауылға,  
«Ешкім сені сағынған жоқ» дейді анам.  
«Жан бар ма» деп осы мені сағынар,  
Мұңға батып ойланам.  
Түсінші, ана,  
Көзге жас ап, отқа оранып кеудесі,  
Топырағын сағынады кейде адам.  
Сағынбаса сағынбасын мейлі онда,  
Ең бастысы, мен сағынсам болғаны!  
Күтер мені сағынып,  
Туған жердің қалың елдей орманы.  
Тамыр болып бітіп кеткен тәніме,  
Ауылыма апарар,  
Кең даланың тарам-тарам жолдары.  
Айбыны асқақ қарсы алғандай патшаны,  
Қарағайлар сап түзейді мен десе.  
Тауларымның түсер биік еңсесі,  
Айлап, жылдап бет-жүзімді көрмесе.  
Ана, сенің сыздағандай жүрегің,  
Таулардың да сыздайды ғой жүрегі,  
Перзенті іздеп келмесе!



## Селеу

Жатқан кезде түндік шетін от қауып,  
Жүруші едік кең далада шөп шауып.  
Ағам бір ән бастайтын-ды ыңылдап,  
Көңілінің түкпірінен шоқ тауып.

Сары майдай сыр айтатын едік біз,  
Оянып ап тыңдаушы еді келіп күз.  
Сырымызды дауыстап-ақ айтатын  
Сары күзге ақ жүрекпен сеніппіз.

Ағамдыкі – кеше кіммен сүйісті,  
Ал, менікі – көзім кіммен түйісті.  
Мөлдірліктен көкжиектей қызарып,  
Нәзік қылдан төгілетін күй ішкі.

Оның жыры – үлкен өмір, жанталас,  
Менің жырым – сол қыз еді парталас.  
Титтей жүрек асқақ, ұлы сезімге,  
Қарсыласа алмайды ғой – қауқар аз.

Уақыт өтті, талай гүлді көрдік біз,  
Ұйқы қашқан талай түнді көрдік біз.  
Мұңымыз бен жырымыз да бөлек боп,  
Есейгелі сыр айтпайтын болдық біз.

Есейткелі тоқтауы жоқ жылдарым,  
Сырларымды біледі тек жырларым.  
Селеу болып шаншыйды кеп кеудемді.  
Жан ағама айтпай жүрген сырларым.

## Қасыммен сырласу

Шындық біткен бұлқынып кермелерде,  
Қаңқудай боп таралып елден-елге.  
Жатыр және азалы ғасыр аунап,  
Құрт меңдеген жаралы кеуделерде.

«Ар» дейміз-ау, сол ардан аттап алып,  
Бөлеміз кеп жалғанды ақ-қара ғып.  
Мына біздің құдықтай көкіректе,  
Шәкәрімдей бір шындық жатқаны  
анық...

Айтар сөз көп, кімде не сабыр қалды,  
Айтар едім, сөзде не қадір қалды?!  
Кеудем – Қарлаг\*, жүрегім – шерлі  
тұтқын,  
Соққылайды түнімен қабырғамды.

Мінбелерден айқайлап ез, жасығы,  
Түрмелерден түсе алмай көзге асылы,  
Өжеттігі әлдене бүлдірер деп,  
Рэмбоны\* да қаңғыртқан өз ғасыры.

Көшелерден неше рет шеру көшті, ей,  
Сонда да бір толмай жүр көңіл мешкей.  
Айтармыз деп күтеміз бір уақытты,  
Ашынасын сағынған көңілдестей.

*\* Қарлаг – саяси тұтқындарға арналған  
Қарағанды лагері*

*\* Жан Николая Артюр Рэмбо – француз ақыны*



## Аңсар

Жәутеңдей қарап көп белге,  
Елестеп көзге гүл мүсін,  
Жеткізбей қойған көктемге,  
Күндерге налып жүрмісің?

Толады білем кейде ішің,  
Ақтарылғың кеп ақпанға.  
Күндерді өтпес деймісің,  
Ғасырлар өтіп жатқанда!

Көп күндер көп ой түйюмен,  
Жол сілтеп кейде жолсызға,  
Сүймейтін жанды сүйюмен,  
Жатыр ғой өтіп онсыз да!

Сағынып шықсаң бел бір шың,  
Шын сүйсең байтақ әлем жыр!  
Көктеміңді аңсап сен жүрсің,  
Өткенін аңсап әжең жүр!

Күндер бар жылдай созылар,  
Жылдар бар өтер бір күндей!  
Жүрекке бәрі жазылар,  
Шер болып қатып – күлдірмей!

Күттірді-ау сонша көктемің,  
Төзімің бекем о, қалай?!  
Аңсатса бір күн өткенің,  
Қайтер екенсің, ботам-ай?!  
Қайтер екенсің, ботам-ай?!

## Қағаз ұшақ

Қағаз ұшақ,  
Армандарым жазулы қанатыңда,  
Ғашығымның есімі қанатыңда.  
Ғұмыр әнім, қалықтап жүр екенсің,  
Көк аспанның нешінші қабатында?!

Маған бір сәт үңіліп қарасын деп,  
Тырмаланған жазсыншы жарасын деп,  
Қанатыңнан төгіліп мөлдір жасың,  
Өр таулардың шыңына қонасың кеп.

Қандай ғажап,  
Арман көгін кезе алсаң бала құсап.  
Сор боп бітпей басыңа саналы шақ.  
Өсек-аяң, зұлымдық, күншілдіктен,  
Бәрінен де биік ұш, қағаз ұшақ!

Құстың жолы  
Сен ұшатын айлақ ол,  
Боялған тозаң нұрға.  
Арқау болып қаншама ғазал жырға,  
Шоқ жұлдызға тұтанып қос қанаты,  
Сан мың ұшақ ағады көз алдымда.  
Сен құлама!

## Әсем

Ұйқым менің –  
Тырнағына түндердің ілінбеген,  
Сені ойлаған күнім мен түнім де өлең.  
Түнгі аспаннан жұлдыз боп ағып түсіп,  
Тілегіңді естиін күбірлеген.

Ғашықпын мен,  
Жыларымды білмеймін күлерімді,  
Бір тәтті мұң ішімде дүр өрілді.  
Көзіңдегі ғажайып тұңғиыққа,  
Жұлып тастай салдым мен жүрегімді!

Қарашада  
Доғармадым ойлауды сені мүлде,  
Қарашада желіккен желігім не?!  
Қарашаға жанымды аманаттап,  
Қар боп еріп кетейін еріңде!

Көп қарайсың,  
Аспандағы Ай ол сенің серігің бе,  
Ал, жүрегің жердің қай бөлігінде?  
Тәкаппарлау қарайсың көкжиекке,  
Ол, себебі, өзіңнің еріңде.

Күн сәулесін,  
Кірпігі деп шеңбердің менсінбейсің,  
Зау көгінен түссін не сөнсін дейсің.  
Ажарымды тәрк етсе байтақ әлем,  
Кірпігіме ілініп көрсін дейсің.

Төрт мұхит та  
Қайтаруға байлығын салған күшін,  
Солардыкі ғажайып маржан тісің.  
Талай-талай аралдар қыршын кетіп,  
Су астында сен үшін қалған, түсін!

Жаныңа егіз  
Армандарың нәп-нәзік гүлге мәлім,  
Сыбырыңды жеткізер жұлдыздарға,  
Тозаң гүлдер. Үрле бәрін!  
Қолдарыңмен кеудеңді құшып тұрып,  
Сыбырлай ғой, аманат – түнге жаным!



## Бір тал раушан

*Махаббат үшін тағдырын қиып уыздай,  
Сендерді күтіп раушандар  
күллі сапта тұр...  
Мирас Асан*

От жүрегің мені де аңсар бір күн,  
Құшағына тұтқын боп кәусар мұңның.  
Бір күндері тағдыры түсіңе енер,  
Сен қоқысқа тастаған раушан гүлдің!

Жазсаң өлең,  
Біз бармаған дәмхана атаулары,  
Сол өлеңге тамсанып жатар бәрі.  
Ғашығына қосылды деп естідім,  
Біз бармаған киноның қаһарманы.

Махаббат ол –  
Мен ішетін шараптың ащы дәмі,  
Жүрек жылып, көзіме жас тұнады.  
Махаббат ол – раушанның тікенегі,  
Тікенектен сен аулақ қаштың әрі.

Мен өзіңді әлі де аңсап жүрмін,  
Құшағына тұтқын боп кәусар мұңның.  
Көз жасына тұрмайды біздің тағдыр,  
Тағдырының алдында раушан гүлдің!



## Қара шапан

Қара шапан –  
Жауында әкем, сауында шешем киген,  
Сол шапанның қойнына шекер де үйгем.  
Жамау-жамау біз көрген балалықтай  
Қайда қалды шапаным көшерде үйден.

Әкем – қойшы, «қойшының таяғынан»,  
Ат үстінде күн жүдеп, ай арыған.  
Қара шапан ішінде талай қозы  
Көзін ашып, нық тұрған аяғынан.

Біз де солай...

Бөлмемізге бас сұқса ұрыннан күз,  
Қара шапан ішінде жылынғанбыз.  
Қара шапан ішінде сыз әлемге,  
Мейіріммен қарайтын суынған жүз.

Қара шапан секілді жаным – жамау,  
Сағыныш боп кеудемде жағылды алау.  
Жұлдызы көп мына түн сондай жылы,  
Жамау-жамау шапанды жамылған-ау?!

## Орман қызы

Шырқалғанда мұңлы өмірдің шатты әні,  
Күлген шақта нұрлы өңірдің ақ таңы,  
Орман қызын оятады сылдырап,  
Жапырақ боп пәк сезімнің хаттары.

Ол жайында құстар әнін қайырды,  
Әнмен бірге сиқырлы аңыз жайылды.  
Бар адамзат бір мұңына татымай,  
Құрбы етіпті қайыңды!

Ол да бәлкім қарағайдай тағдырлы,  
Тауларымның аспанындай жаңбырлы.  
Тұрады ылғи қиялыңа ұмтылып,  
Бір өзіне арналғандай ән күллі.

Көкіректі сарғайтқанда күз үміт,  
Сол бір қыздың жанарына қызығып,  
Қасиетті арманымды әлдилеп,  
Орман жаққа қарай берем үзіліп.

## Тау етегін жайлаған ауыл

Қырдың басы толыпты молаларға,  
Қарсы тұрар уақытқа шама бар ма?!  
Куәгері әр қаза әр қайғының,  
Қарт таулар мен қарқ еткен қара қарға!

Тағы біреу қауышты қара жермен,  
Қаралы көш көрінді ала белден.  
Тағы біреу қоштасып бара жатыр,  
Ауылынан сән кеткен алаң елмен.

Асқақ таулар өрлікті ұран етіп,  
Шыңдарынан ақ сәуле бұлаң етіп,  
Ақ сәлдедей оранып ақ бұлттарын,  
Аруақтарға тұрғандай құран оқып.

Бой көтеріп әр мола тау тасынан,  
Орын тепкен қырлардың арқасынан.  
Асқақ таулар қайысып зор қайғыдан,  
Құламай тұр қалайша шалқасынан?!

Тас жүрегі таулардың соғар дүркін,  
Болса да өршіл тауға да обал, жұртым!  
Шыдай алмай таулар да тау қайғыға,  
Жанартау боп атылар олар бір күн.

Түбі келер келгендей заман ақыр,  
Бұрынғы ауыл сақталып санада тұр.  
Тау етегін жайлаған ауылымды,  
Жылдар жылжып, жер жұтып бара жатыр.



## Сұр қоян

Түмен-түмен бұлт көшті төбемізден,  
Желтоқсанның сызы өтті денемізден.  
Қарағанның түбінде сұр қоян бар,  
Алдымызда үш тазы келеді ізбен.

Шашақ құлақ үшеуі сары асықтан,  
Біздерге еріп ақ асық бала шыққан.  
Ұзақ жүрдік. Жалт беріп бара жатыр,  
Сұр қояндай бір үміт қарашықтан.

Аңшылардың жүздері сорлы, күпті,  
Қоян кері қайтатын жолды күтті.  
Үш тағанды іздерге жәутеңдеумен,  
Біз қояннан айырылдық болды, бітті!

Қанжыға бос,  
Әнге бөлеп келеміз құла түзді,  
Күн сәулесі айқындап тұрады ізді.  
Үш тағанды із салып адастырма,  
Ей, сұр қоян дүние, мына бізді!

## Он сегізім

*Өмір деген – Күнді айналу...*

*Серік Ақсұңқарұлы*

Жетім қылып қауқарсыз аңқау елді,  
Жесір қылып гүл толы арқа-белді,  
Әне, батып барады жарық Күнім,  
Талақ қылып мен жүрген жарты әлемді.

Мән бермейді айқайға бұл жарық Күн,  
Жарық Күнге мұң шағып шын  
жалықтым.  
Суық, тайғақ, қатыгез, мұз әлемде,  
Күн нұрынан жүр дейсің нұрланып кім?!

Күннен болар, түседі жарық көктен,  
Шамшырақтың көлемі алып неткен!  
Талайлардың дәуренін ептілікпен,  
Осы ұры Күн – Батысқа алып кеткен!

Күннің сырын алдым-ау біліп қайдан,  
Шындықты естіп салдым мен күдікке  
ойран.  
Менің бала шағымды осы ұры Күн,  
Батыс жаққа апарып тығып қойған!

Мына өмірді кекетіп қара бақыр,  
Қанға толы ұяға қонады ақыр.  
Батар Күннің қан тамған тырнағында,  
Он сегізім ілініп бара жатыр!



## Аялдама

*Ақтоғайдан Айыртас ауылына барар  
жолда бір аялдама бар. Ол аялдамада  
жолаушы көлік күтпегелі он жыл өтіпті.*

Жолдың бойы  
Аялдама жалғыз-ақ,  
Бұлтпен бірге тұрады ылғи зар жылап.  
Жылайтыны – ең соңғы бір жолаушы,  
Қала жаққа кетіп еді таңда ұзап.

Дәрігерден оралар  
Бүлдіршіндер күтпейді енді анасын.  
Нанбасыңа не амал бар, нанасың!  
Сұлулар да сарбаздарын қарсы алып,  
Бауырлары күтпейді енді ағасын...

Жалғыздыққа көну қиын  
Ал, дауылға төзбес кім?!  
Жалғыздыққа ұйқы бердім, шер кештім.  
Аялдама тағдырласым боп шықты,  
Күтпейді онда сағынғанын енді ешкім!

Маңайында,  
жусандары бұлттың жасын қылғытып,  
Күре жолдан ай мен жылды жылжытып,  
Жалғыз өзі күре жолдың бойында,  
Аялдама әлдекімді тұр күтіп!

## Коллекционер

Коллекцияңды алғайсың толықтырып,  
Сыйға тартам ал, міне, сағатымды.  
Тағы біреу қатарға қосылды деп,  
Қол сағаттар бөлмеңде сауық құрып,  
Адастырсын есінен қара түнді!

Шын уақыттан жүреді ол, сірә, қалып,  
Бар өзінің тәртібі, заңы білгін.  
Секундтарды санамай кідірсе егер,  
Ашуланба сен оған кінә тағып,  
Соғысымен үндес ол тамырымның.

Шалдыққаным бір дертке анық менің,  
Дәмін татып қойдым-ау бар мұң, зардың.  
Шағын ғана бөлмеме сөре қойып,  
Тәртібімен тізгілеп әліппенің,  
Коллекциясын жинадым тағдырлардың.

\*\*\*

Кеткен бақыт оралмайтын секілді,  
Кеткен қырсық жоғалмайтын секілді.  
Әлдекімнің жолын қарап жүргенде,  
Жаз да кетті, не тынды?!

Шашын жайып қалың орман толғайды,  
Көңіл айтып төбесін бұлт торлайды.  
Сағыныштан сарғайғаның түк емес,  
Кетер жанға бауыр бассаң сол – қайғы.

Жаз кеткелі қатқан көлге жолықтым,  
Әлденеден секем алып қорықтым:  
Қоштасқанның мұз боп айдын кеудесі,  
Қатты болып кетеді екен соны ұқтым.

Маған сол жан аңсай ма екен жетуді,  
Қыр басында үмітім жүр кекілді.  
Боп-боз болып жалғыз келді сары күз,  
Күткенменен не тынды?!





## Жан досқа

Мұңсыз өмір мүмкін бе тірі адамға,  
Бір құдірет берер ме сұрағанға?!  
Ойға батып ұғарсың тағдыр жайын,  
Көз алдында бір ақын жылағанда.

Ойлағандай ғұмырың сүрілмесе,  
Кетері анық күнің мен түніңде есе.  
Шын бақыттың көрерсің гүл келбетін,  
Көз алдында бір ақын күлімдесе.

Мынау момын әлемнің күл қып есін,  
Сыртыңнан көп қандендер ұрді десін.  
Арсылдаған кіл итке күлім қағып,  
Ауылыңның есіңе ал шулы кешін.

Өткен күннің ізі мен тәтті үмітті,  
Сырма күндер жасырды, жапты, бітті.  
Сағына біл, жарқыным, мықты болсаң,  
Өмір өзі үйретер қаттылықты.



## Біздің жақтың бұлттары

Дауылда өскен ауылдың бекем елі,  
Елге бесік белдері бетегелі.  
Төбемізден үйір бұлт барады өтіп,  
Сарқ-сұрқ етіп соғылып шекелері.

Сол дүбірден шошынып бала қашты,  
Сол үйірде бір бесті жаза басты.  
Жаза басқан тұяқтан от шашырап,  
Өртеп кетті қартайған қара ағашты.

Алыстаған жылқыға қарамай көп,  
Кәрі ағашты өксітіп, табалайды от.  
Тас төбемде айналып жел жүреді,  
Есі шыққан жылқышы баладай боп.

Қашқан үйір бетке алып арғы бетті,  
Ұлы шуға бөледі зарлы көкті.  
Шатырлардың үстімен шауып өтіп,  
Таулардан да оп-оңай қарғып өтті.

Таулар бөгет болмады биік деген,  
Өз-өзіммен мұңлы ойды түйіп келем:  
Қашқан асау бұлттардай күндерімді,  
Қайыра алмай бір түрлі күйіп келем.

## Тұман

Қара бұлттар жорға аттай жорғалады,  
Жорға аттардан суық тер сорғалады.  
Шабысынан үйірдің шаң бөккендей,  
Торлап алды сұр тұман тау, даланы.

Хабар үзген кең дала, сеңгір көктен,  
Құбылысты сол ғажап көрдім көппен.  
Көзін байлап тұманмен тіршіліктің,  
Жасырынып келгендей мөлдір көктем.

Биік таулар, әніңді шырқатып сал,  
Көктем келді ақ қызбен сырласып қал.  
Мен көктемді бәрінен бұрын сезгем,  
Бірін-бірі сезгендей шын ғашықтар.



\*\*\*

Шашыңды сенің көрпе қып,  
Ұйқыға кетер тіршілік.  
Отыңа лаулап, өртеніп,  
Келеді тағы Күн шығып.

Гүлдер де саған еліктеп,  
Әр таңда билеп жайқалар.  
Нәсерін бұлттар төгіп кеп,  
Өзіңді көріп жай табар.

Сені ойлап өтсе бір күнім,  
Кеудеме дүрсіл сыймайды үн.  
Бақыттың теріп түр-түрін.  
Өзіңе гүл ғып сыйлаймын.

Толқиды көңіл көлдері,  
Оның да сырын түн білген.  
Өзіңді, жаным, көргелі,  
Қанатсыз ұшып жүрмін мен!

## Райхан гүл

Жанарыңа қып-қызыл шоқ шағылды,  
Шоқ жайында айтам жыр.  
От боп кейде қари ма екен жаныңды  
Қызыл түсті райхан гүл?!

Күмәндісің, мендік жүрек жүр сезіп,  
Сенім шыңы биік тым.  
«Сүйеді» деп, «сүймейді» деп күлте үзіп,  
Отпен ойна, сүйіктім!

Райхан гүлім арбай беріп көзіңді,  
Кеңістікті жұмбақ түске бояды ой.  
Райхан гүлмен лаулап жанған сезімді,  
Сөнбесін деп суға салып қоя ғой.

\*\*\*

Сөзімнен іздеп дертінің емін, дәруін,  
Көзімнен іздеп жоғалған күннің жарығын,  
Түндерде ойлап, от болып жанып өлердей,  
Мені де біреу сағынса деймін, Тәңірім!



## Үзілген үміт

Өткен түні,  
Көз жасына толтырып түнек ішін,  
Хабар күтті ол сенен, білемісің?  
Үзбе десем тамырлы гүл үмітін,  
Тәкаппарым, миықтан күлемісің?!  
Ең болмаса хабарлас өтінемін,  
Сен деп соққан жұп-жұмыр жүрегі үшін.

Көрмедің бе, білмеймін білмедің бе,  
Саған деген сезімнің сәуле, нұры,  
Шашылатын жымыып күлгенінде.  
Өкініш пен мұңдардан букет жасап,  
Өксік келіп сөз салған сол мұңлыққа,  
Әлдекімге сөз салып жүргеніңде.

Ер шын болса – жары мен күтер елі,  
Бір жыл болсын, о мейлі, он жыл болсын,  
Үміт берсең ол сені күтер еді.  
Сені күткен азапты сағаттарда,  
Сен біреуге сыйлаған раушан гүлдің,  
Жүрегін кеп шаншиды тікенегі.

Терезеден қарсы алып мұңлы күзін,  
Шықпай жүр деп естідім бөлмесінен.  
Жылатпаса махаббат өр несімен?  
Біреулерге қырдан гүл үзіп жүріп,  
Үзіп алдың үмітін кеудесінен!

## Түймелер

Жұлдыздардан түйме таққан түнгі  
аспан,  
Түйме үзілсе өтер жалған қу бастан.  
Сұлу тәнді көрсетпейді көп түйме,  
Түйме толы жер-дүние-ай мұң басқан!

Жұлдыздардың құпиясын шешуге,  
Қай жасымнан ұмтылғаным есімде.  
Жұлдыздардай жымыңдайды түймелер,  
Түндей сұлу Аймандардың төсінде.

Кең жалғаннан шындық іздеп не түрлі,  
Мендік түйсік ес білгеннен жетілді.  
Түйме біткен көне күннен ғаламның,  
Бір шындығын жасыратын секілді.

Көкке ұмтылдық  
Көтеріліп өкшелер,  
Әлденені жасырады көк шебер.  
Бар ақиқат мәлім болар аспанның,  
Түймелері ағытылып кетсе егер!



## Шыңғыс Мұқаевқа

Осы бізге,  
Ашылмай жүр бақыттың бір құшағы, ә?!  
Неге жиі батамыз мұң, құсаға?!  
Тағдыр деген – бір ұлы өлең екен,  
Ең бір ұлы ән екен, Шыңғыс аға!

Жаза алмаған сәттерді қаза көріп,  
Омырауынан жалғанның ғазал еміп,  
Қол жетпеген Ләйләлар түседі еске,  
Бір көңілді дүние жазар едік!

Қуаныштан күлу мен жылау да арман,  
Көкіректі қайтерміз қылау қалған?  
Гитараңды алшы, аға, тұр ғой әне,  
Саусағыңа жәутеңдеп мынау жалған!

\*\*\*

Ыстық жалын солқылдатып тамырын,  
Көкте күн тұр кешіп сезім тамұғын.  
Жерді қанша айналса да ол – мұңлық,  
Ай ханшаға қосылған жоқ әлі күн.

Өзін-өзі өртеп көрді – өлмеді,  
Көкжиекте қанға батты – өлмеді.  
Бұлтқа оранып қаншама рет жылады ол,  
Біреу көрді... көрмеді!



## Дәрігерде

Бас дәрігер бөлмесі алдымдағы,  
Есік қағып ішіне кіріп бардым.  
Дәрі иісі аңқыған, солғын бәрі.  
Біреу ауру, біреу сау шимай шатпақ,  
Үстел үсті қаншама адамдардың,  
Көшіріліп жазылған тағдырлары.

– Я, батырым, қай жерің ауырады?  
– Жағаласып жүректің дүрсілімен,  
Кеудемде бір бомбалар жарылады.  
Біле алмадым жүректің өзі ме, әлде?!  
Желікпе ойлар жан-жаққа сабылады,  
Ол, шамасы біреуді сағынады.  
Ал, дәрігер бір күліп алды-дағы:  
– Алғыс айтып әкелген кеше біреу,  
Ашылмаған ауызы жабық әлі.  
Саған берер бар дәрім осы ғана,  
Екі-үш рөмке қысылмай тартып жібер,  
Уайымдама, бір емі табылады!

\*\*\*

Күю, налу – кең әлемді тарсынып,  
Сүю, жазу – есің кетіп таусылып.  
Тамшы жастан жеңіл әрі күрделі,  
Менің жаным қардай сұлу һәм суық.

Қар жайында оқып көрші бір өлең,  
Оқып көрсең бар сырымды білер ең.  
Жатырынан өніп шықтым ақ бұлттың,  
Хан-Тәңірдің құшағында түнеген.

Өмір – ақпан, әр кезде ақпан көктем жоқ,  
Қандай болсын бауыр бастым, өкпем жоқ.  
Бұл ақпанда қар да жаурайды екен ғой,  
Жылынам деп ойнай бердім отпен көп.

Аямайды қарашаның ызғары,  
Қайда қара, маңайыңның мұз бәрі.  
Бәрін тастап өксіп-өксіп жылар ем,  
Жыламаймын, көз жасымда тұз дәмі.

Мен жайында оқып көрсең бір өлең,  
Толғандырған ақпан жайлы білер ең.  
Жатырынан өніп шыққам ақ бұлттың,  
Хан-Тәңірдің құшағында түнеген!

## Жоламан Әйткенге

Бұл өмірден үлесімді ала алмай,  
Барар жерге бара алмай,  
Жанар жерде жана алмай,  
Ең болмаса сенің қара шашыңдай,  
Жүрмін, тегі, қайраттылау бола алмай!

Бір білгіштің ойынша:  
Мен жаманмын, ол – жақсы.  
Өзің жүрген жақсылардың көшінен,  
Мына мені ажыратып алмақшы.  
Сосын-сосын, жаманат қып біздерді,  
Жер бетінде жалғыз жақсы болмақшы.

Өлеңіміз біреудің,  
Көздеріне тақпақ болып елестеп.  
Жиып алып өңкей қыртты маңына,  
Көпіреді сосын ол,  
Мені де ақын емес деп,  
Сені де ақын емес деп.

Айтарымды айта алмай,  
Өр кеудемді жаншып бітті таудай мұң.  
Мен, себебі, сенің екі көзіңдей,  
Тура сөйлей алмаймын.

Өмір неткен мазасыз,  
Ойынынан менің миым шайқалды.  
Өмір, шіркін, бола алса ғой өзіңдей,  
Сабырлы да байсалды.

Махаббат пен адалдық,  
Өлең болып жазулы тұр екеуі,  
Сенің екі бетіңде.  
Сырын айтар адал досын қалам ғып,  
Ашуыңдай тым қысқа,  
Өміріміз өтуде.



**Сиыр сату**  
*(Михаил Исаковскидан)*

Аштық керең, аштық соқыр, қатыгез,  
Елемейді ол сенің жадау күйіңді.  
Сол аштықтың кесірінен біз нанға,  
Айырбастау керек болдық сиырды.

Қасірет бұл күтпеген,  
Қатар келген күзгі ызғармен жан алар.  
Таң атарда қоштаспаққа сүтпенен,  
Үнсіз ғана үйден шықты балалар.

Міне қазір ол біздерден кетеді,  
Қарайықшы соңғы рет.  
Сиыр емес, балалық қой кететін,  
Екі көзі мөлдіреп.

Ал, иесі қолға түскен ұрыдай,  
Діріл қаққан аяғына қарады.  
Біздің қотыр балалықтай сиырдың,  
Қотыр болған жараларын санады.

Қайран шешем құшақтады сиырды,  
Тұла бойды қаусатар бір зарменен.  
Сиыр да ұғып адамдардың қайғысын,  
Екі көзін ыстық жаспен әрлеген.



Әне, кетті жетектеп ап сиырды,  
Жердің езіп лайын.  
Сол сәтте ойға сан дұғалар құйылды,  
Алғашқысы: сақта бізді, Құдайым!





## Шілде

Көз жасымдай  
шық боп шөпте тұрды өлең,  
Асырмастай көрінеді бір белең.  
Ақ қайыңдар тәтті ұйқыда жатқанда,  
Үнсіз ғана жолға шықтым шілдемен.

Біз қалайша тағдырласпыз – сенгісіз,  
Біз қалайша бірге тұрмыз – сенгісіз.  
Жолсеріктің барар жері белгілі,  
Ал, менікі – белгісіз.

Күллі гүл мен жапырақты қалдырып,  
Жүрегін де қимастыққа алдырып,  
Нені іздеді ол мынау жұмыр жалғаннан,  
Болар-болмас бір үмітті жандырып.

Жол үстінде тағдырды бір ойладым,  
Оралмаған әкемді бір ойладым.  
Барлық жетім айта алмаған шерлі сөз,  
Кеудемде тұр, тіл қата алмай қойғаным.

– Аспан бұлтты, иығымнан төнді сыз,  
Қай құрлыққа бет түзейсіз енді сіз?  
Бір білгенім: мейірім іздеп барасыз,  
Біз қалайша тағдырласпыз – сенгісіз!



## Қармен сырласу

«Өтті-ау күз» деп,  
Сендерді ойлап жүрегім қан жылаған.  
Жан-тәнімен ынтығып көктемді іздеп,  
Сендерге өлім тілейді барлық адам.

Құштарлықпен,  
Құштыңдар кеп дала мен таудың бәрін.  
Өз нүктесін оралған құстан күткен,  
Өздеріңдей суық-ау тағдырларың!

Ғұмыр зырғып,  
Мұрша бермес мәңгілік тұрақтарға.  
Құтылған соң сендерден зұлым тірлік,  
Қуаныштан гүл егер қыраттарға.

Жыр-әуенмен,  
Тағдырларың әйнекке шимайланып.  
Келдіңдер ме пана іздеп мына әлемнен,  
Құшағына аспанның сыймай қалып?!

Өкпелеймін,  
Жан-жүрегім от болып лаулай жанып.  
Төңкеріліп бар ғалам кетсе деймін,  
Аспан жаққа жауар ем қарға айналып.

## Қармен сырласу II

Көшкен күндер,  
Азап шегіп көз жасын төгіскен ел.  
Күнді айналған тозаққа қош келдіңдер,  
Аспан жақтан қуылған, періштелер!

Зынданы көп,  
Тұтқыны етер зарыңды тыңдап алып.  
Дәл сендердей жаланың құрбаны боп,  
Жер шарына келгем мен қудаланып.

Күнде ерегес,  
Ар-ұят пен ақ түстің құны кеткен.  
Дүниені суытқан сендер емес,  
Дүние ғой сендерді суық еткен.

Жат ғаламда,  
Отанымды сағынам көз көрмеген...  
Көктем келіп жаламнан ақталам да,  
Отаныма оралам сендерменен!

## Ерзат Ермағанбетовке

*Товарищ, верь: взойдет она,  
Звезда пленительного счастья...*

*А.Пушкин*

Қырын кеткен ырымға да табынып,  
Үміт етіп, күншуаққа малынып,  
Басымызға қонбай жүрген бақытты,  
Не тауыппыз сағынып?!

Ақиқатты түсінгендей күрсініп,  
Көлге татыр тамшы жасқа тұншығып,  
Ғұмырының күллі мәнін жоқ қылып,  
Сен бақытты сағынбай қал қырсығып!

Өзіңді іздеп ол да жылар, бір күлер,  
Тағдырының қара бұлты күркірер.  
Сосын сенің өкінішің жерленген,  
Зират кеудең сілкінер.

Қасіретіңмен айырылмастай серттесіп,  
Бақытыңмен қайырылмастай кектесіп,  
Жүректе өлген естелікке өмір бер,  
Беттеспейтін шындығыңмен беттесіп.

Мұң-шеріңмен күліп-ойнап шарап іш,  
Есің кетіп ақыл түбін жалап іш.  
Жалғыздыққа ғашық болып өлердей,  
Қонақ үйде ойнас құрып, нала құш.

Бақытыңның сол сәт жасы мөлтілдеп,  
Көкірегіне өксік толып селкілдеп,  
Сенің келіп жығылады алдыңа,  
«Мені осылай қорлағанша өлтір» деп!



## Экспромт

Айтшы дала,  
Не қылайын күйікті кеудемдегі?  
Өксік желің еседі өрден бері.  
Сыр айтпақ боп өзіңе барған сайын,  
Бір түрлі деп ойлайды елдер мені.

Жауырыңда,  
Қызыл отын маздатып шырақшы іңір,  
Бауырыңда жайқалып бүрі ащы жыр.  
«Жылай алсаң жүегің тірі екен» деп  
Мен мұңлықты ей, дала, жұбатшы бір!

## Талды өзені

Өзендейін өмірдің тар кезеңі,  
Тар кезеңде талайдың талды өзегі.  
Тар кезеңге біздерді жәутеңдетпей,  
Жағасында ойнатты Талды өзені.

Жағасына ой қуып жиі барғам,  
Жағасында бал шақтың күйі қалған.  
Төменге аққан ағысқа көз қадасам,  
Төмен жақтан арбайтын биік арман.

Таппаса да қалауын жадау жанның,  
Ауыл жұрты бар болса алаңдар кім?!  
Сол өзеннің арнасы бір кездерде  
Пейіліндей кең еді адамдардың.

Уақыт өтті, тарылды арнасы оның,  
Қай жерінен үзілді жалғасы оның?  
Арқалатып кетті ме толқындары,  
Жағасында жайқалған бауға сорын.

Өзен жаққа мұңайып қарайды анам,  
«Өмір сүреді екен ғой солай да адам!  
Тар кезеңде кең болған арнасы оның,  
Бар кезеңде тарылды қалай, балам?!»

## Қағаз кеме

Сағыныш шырқау шегінде,  
Тірлікті жүрмін елемей.  
Жүрегім нәзік менің де,  
Кішкентай қағаз кемедей!

Қиял көп мені арбаған,  
Самал жоқ мені өпpegен.  
Төменге қарай заулаған,  
Оралмай кетті-ау көп кемем!

Жетелеп алға жел елер,  
Дұға деп өлең арнадым.  
Қайда екен сол бір кемелер,  
Желкені – бала арманым.

Бұлт болып өтіп төбемнен,  
Жалынан ұстап сағымның,  
Айналып соғар сенем мен,  
Жағалауына жанымның.

Күтумен алтынкүректі,  
Талай да мұңмен ауырғам.  
Кемедей нәзік жүректі,  
Сақтай да жүріп дауылдан.

Балалық өтті, әй, қалай,  
Жылғаны бойлап түнердім!  
О, бәлкім, ойнап, байқамай,  
Кемеге салып жібердім!





## Құлабыз

*«Қалың қаз құлабызсыз болмас»  
Халық мақалы*

Сарбаздардай айдынына серт беріп,  
Құлазыған тіршілікке көз тастап,  
Кеуделерін кек керіп,  
Көктемді іздеп біз жақтағы барлық қу,  
Құлабызға кетті еріп!

Тәңір жар боп,  
Жолың болсын, құлабыз!  
Қаңқылыңда көктем жайлы жыр-аңыз.  
Қайыңдарды сағыныштан сарғайтып,  
Тұрып алды мына, күз!

Тілеуіңді тілеуде,  
Өз орнында қалып көл.  
Қалған көлді жұбатуға,  
Жамырасып барыпты ел.  
Сағындырған бейқамкөңіл көктемді,  
Ән қып айтып туған жерге алып кел.

Туған жердің алдындағы,  
Бітпес борыш, сағыныш,  
Екеуі де сыңар жүк.  
Ал, адамдар сағынбаса,  
Себепсізден жылар ма, ұқ!  
Жылап тұрып қанатыңның астында,  
Қауырсыныңды тағып алдым тұмар қып.

Өзің жайлы

Жұлдыздар мен түн жазып,  
Сәулелерін айдыныңа матырып,  
Жарқыраған Күн жазып.  
Оларды да тебіrentті сағыныш –  
Қауырсындай мамық әрі тым нәзік.

Құлабызым,  
Мәңгі сабыр, төзіммен,  
Айдыныңмен қосылып,  
Хабар күтем өзіңнен.  
Сен кеткелі қамысыңды жастанып,  
Жылы-жұмсақ төсегімнен безінгем.

Жер құшса да жапырақ,  
Бейқам емес,  
Оның да бір бар мұңы,  
Әлденені аманаттап өзіңе,  
Қара жерден ең соңғы рет қарғыды.  
Қанатыңа артылғанын түсін сен,  
Жапырақтың үмбетінің тағдыры.

Қош айтысып өзіңмен,  
Қыр басына салған еді он шал із.  
Аяғандай он шалды,  
Жауратпаған онша күз.  
Шат күндердің әнін шырқап қаңқылдап,  
Өзіңе еріп кетіп еді он тоғыз.

Соры мұз боп қатыпты,  
Сенен қалған айдын сол,  
Қандай ғана күй кешер деп ойлап ең,  
Құлабызынан айрылса ол.  
Сен көктеммен ораларсың бір күні,  
Ал, он тоғыз оралмайды – қайғым сол!



## Іңірдегі ой

Не керегі бар еді кезігудің,  
Өкініштен күрсініп көзім ілдім.  
Бүгін саған сыйлаған раушан гүлді,  
Құлпытасына қоярсың сезімімнің!

Бүгін таңда сені ойлап оянғам жоқ,  
Ұмытудан тіпті де аянғам жоқ.  
Сала берді көкжиек өзіңді еске,  
Ерініңнің түсіне боялған боп!



## Азамат Шоқшинға

Терең әжім, мұңлы көздер,  
Жүзінде оның өмір салған көп белгі.  
Кеуде толы сағынышқа,  
Бос орын жоқ кекке енді.  
Вагондарға жәутең қағып пероннан,  
Шоқшин ағам күте ме екен көктемді?

Темір жолдай тамырынан,  
Зіл вагондар жүріп жатты қан болып.  
Шықтай мөлдір көздеріне,  
Қызыл сұңқар таң қонып.  
Көшелер де жатыр әне сұлқ түсіп,  
Гражданның\* дәуреніне зар болып.

Вагондардан қол бұлғаған,  
Сол көктемін көреді ылғи түсінде.  
Сосын барып өтеді әрі,  
Дәті бармай түсуге.  
Не бір мұңлық көктемінен адасып,  
Отырады «Ақ шағала»\* ішінде!

Күту менен сағыныштан,  
Вокзалдардың таусылмайды өлеңі.  
Төбесінде Күн күлсе де  
Қоштасқанның оңалмайды неге өңі?  
Көктемді іздеп шығар болсаң сапарға,  
Шоқшинға бар, билет тауып береді.

Ол әлемді баяғыда-ақ,  
Тәрк еткен де су астына көшкен-дүр.  
Көз алдынан ғайып болып,  
Күнге еркелеп өскен гүл.  
Теңіз түбі жата-тұғын маржаным,  
Былық толы жер үстінде не істеп жүр?!

Қай вагоннан түседі екен?  
Гражданмен күтейінші көктемді.  
Күткенімді айтайын мен  
Айтайыншы өкпемді:  
Мен артынан қаншама хат жолдадым,  
Ал, ол болса – еш хабарсыз кеткен-ді.

Әлі күтіп тұрмыз біздер,  
Түнгі аспанға самғап шықты Ай қыран.  
Күте-күте жалығам да,  
Қайта-қайта қайырылам.  
Жаурадық қой, «Шағалаға» кірейік,  
Келсе шаттықтан, келмесе қайғыдан...  
Ішейік!

*\* Граждан – Серік Сағынтайдың «Жарты қап кітап» әңгімесінің кейіпкері – Азамат Шоқшин.*

*\* «Ақ шағала» – темір жол вокзалындағы кафе*

## Рухтандыру

Тас түнекті жарық етіп кірпігім,  
Жидебайдан көтерілем Абай боп.  
Жүрексіздің сұсын алып тыртығым,  
Маңғыстауға батып кетем Адай боп.  
Адырнамды өгіздейін өкіртіп,  
Шұбар атты айбөкендей көсілтіп,  
Қаһарлансам жар кеудемді жалайды от.  
Шашақты найза жанға алып,  
Толған айдан дуылғам,  
Балтырымнан улы жебе суырған,  
Батыр болдым дауылдайын долданып.

Қамшысымын Тәңірдің,  
Түбім – Еділ, кәрі құрлық теңселген.  
Хан Тәңір де биік емес еңсемнен.  
Дұшпанымды қызыл қанға суарып,  
Азияны шауып өттім ту алып.  
Жүген ұстар ұлым келсе дүнияға,  
Кең далада көкпар тарттым қуанып.  
Қан қатырып найзама,  
Өзегімді жалын шарпып шерленсем,  
Анам айтқан жылы сөзге жұбанып,  
Әкем айтқан өсиетке жұбанып...

Қанжарымды толған айға шағылтып,  
Тарихымды тасқа қашап жазғанмын.  
Шығысымның түн ұйқысын қашырып,  
Қорқыт өткен жалғаннан,  
Қан майданда шаһит болып озғанмын.



Кіл кәуірге таптатпадым жерімді,  
Жау қолында қалдырмадым ерімді.  
Қас-қабағыммен әмір ғып,  
Темірді илеп қамыр ғып,  
Қонағыма билетпедім төрімді.  
Еркелеттім – есіртпедім серімді.  
Қайырусыз жылқы бақтым бишік ап,  
Ақынымның үйір салдым алдына,  
Күйшіме де атан бердім күй сұрап.

Төріме қайыс қамшы іліп,  
Әйел сөзін асырмадым басымнан.  
Тайқазаным майлы боп,  
Құс төсегім жайлы боп.  
Ұялмадым досымнан.  
Ұялмадым қасымнан.  
Ағайынмен тату қылған ісімен,  
Жақсыларға жақын қылған сөзімен  
Жарым болды асылдан.

Ырзығы мол кең жазирам пана деп,  
Ұрпағымды орман қылдым айдарлы.  
Үр қызымды қырық үйден тидым да,  
Айбозымды сарбаз қылдым айбарлы.  
Даласындай кең болсын деп пейілі,  
Қыстағымнан алыс еттім жайлауды.  
Қоржынымда алты малтам шайқаулы,  
Қонышымда өткір кездік қайраулы.



Дария білек, аспан көзді қызым мен,  
Тау кеуделі, оттан жарық, нұрлы ерім,  
Мен күлкіңді күлім қаққан Күн дедім,  
Ал, жаныңды – айлы жарық түн дедім.  
Елдігімнің айғағы ғой тәубе еттім,  
Өр кеудеңді түсірмей,  
Балпаң басып жүргенің.  
Таңғы шықтың ғұмырындай ғұмырда,  
Кімдер кешпей жүр дейсің,  
Сұм жалғанның дүрмегін.  
Еңселі бол, рухты бол,  
Кең далама ие болар, нұрлы ерім!

## Сәуірде

Жылылық күттім бекер көп,  
Сәуірде тағы қар жауды.  
«Көктемім қайда екен» деп,  
Әйнекке көзім арбаулы.

Аязға батпай қарыған,  
Келгісі келмей жүр ме екен?  
Күре жолдардың маңынан,  
Қарасын қарап күнде өтем.

Күтеді сосын бір әжей,  
Жаулығын басып кеудеге.  
Күн ұзақ жолда тұрады, ей,  
Жұбатпайды екен ел неге?

Күткені оның көктем бе,  
Ұлы ма әлде жоғалған?  
Түсінде көрген өткенде,  
Түсінде үйге оралған.

Әйнектен қырау кеткенмен,  
Әжеймен бірге қар қалды.  
Келер деп ұлым көктеммен,  
Әйнекке көзі арбаулы.

## Торыайғыр

«Жайдақ мініп,  
Талай қыздың байталын жанай жүрдім,  
Тозаңын да қосқанмын талай қырдың».  
Жиырма бесі жалынан ұстап кеткен,  
Атам жырын айтады Торыайғырдың.

Баяу үнмен шырқайды жылқышы әнін,  
Дауысынан сезіліп бір құса-мұң.  
Көз алдынан бір үйір жылқы қашып,  
Дүбірлетіп кетеді түн құшағын.

Жылқы жыры –  
Атам көрген өмірдің қызығы бір,  
Сыңар езу Торыайғыр бұзығы бір.  
Торыайғырдың қанаған езуіндеі,  
Арбай берді жанарын қызыл іңір.

Айтады ылғи,  
Өзі көрген өмірге өкпе жоғын,  
Айым туып, болды деп көпте жолым.  
Торыайғырдың жалы деп тарам бұлттар,  
Жиі соза береді көкке қолын.

Дала кезді,  
Елең қылмай азулы қасқырын да,  
(Ел не десін жетімек қашқын ұлға?!)  
Торыайғырдың жүгенін ұстап өтті,  
Сайран салған жүгенсіз жастығында.

Көз алдында кісінеп, шалқыйды кеп,  
Атам босап жылайды, балқыйды көп.  
Сағыныш боп сосын ол тұяғымен,  
Түніменен кеудесін тарпыйды кеп!



\*\*\*

Сағынышты биігінен түсірмей,  
Өкінішті көкірекке түсірмей,  
Мүлгіп тұрып жылы шақты аңсайды ол,  
Жылылықтың не екенін түсінбей.

Жылылықты тек іздейді, бере алмай,  
Сұлулықты тек іздейді, көре алмай.  
Кеудесінде түйір шоқты маздатып,  
Алау түнде өртенеді сөне алмай.

Жырларынан бастау алып күллі ұғым,  
Жүрегінен бастау алып күллі мұң,  
Өлең үшін шат күндерге қайырлмай,  
Ләйләсынан алшақта жүр мұңлығым.

Ғұмырының әр соқпағын бақылап,  
Жалғыздықтың тегін алды, батыр-ақ!  
Өлеңімен айырылмастай серттесті ол,  
Неге сонша сенімді екен ақымақ?!

Жетем деген арманы да толағай,  
Өзектегі талғамы да толағай,  
Зарығу мен сағынуды ұмытқан,  
Кіл тобырмен дәуірлес ол, обал-ай!

## Қар ғұмыры

Құдайым деп телмірдім аспаныма,  
Неге қатал сендердей алаң елге?  
Құлпытастай қойылған бастарыңа,  
Көк шығады тебіндеп қара жерге.

Ғұмырларың өтсе де мұң, шермен де,  
Сол ғұмырдың сүйдіңдер жарық таңын.  
Қасіреттің келерін білсеңдер де,  
Өзгермеді сұп-суық қалыптарың.

Қылықтарың бар ма екен елге жаққан,  
Бүршікте ғой бәрінің ынтызары.  
Жастарыңнан нәр алып сел боп аққан,  
Мынау арсыз тіршілік құлпырады!

Үнсіздіктің құны жоқ – мәні қалып,  
Ұмтылыңдар бір ұлы жарылысқа!  
Жүйрік желге ер салып, қару алып,  
Өлу керек болса егер түптің түбі,  
Қарсыласып өліңдер жазымышқа!

## Мәңгі борыш

Ол жігітін артық сүйген көктемнен,  
Сол сезімді сезе алса ғой от кеудем.  
«Шыда, жаным, оралам» деп көктемде,  
Әскер жақтан хат-хабарлар көп келген.

Көз алдынан талай көктем өткен-ді,  
Өткен күнде көктем жайлы жоқ белгі.  
Бірақ, сол жыл тіршілік пен бар адам,  
Дәл сол қыздай күте алмады көктемді.

Қыс та кетті іздеп ата-қонысын,  
Дегендейін «енді мұнда жоқ ісім».  
Көктем келді көк беретін киіп ап,  
Абыроймен өтеп болып борышын.

Жан бар ма екен сағынышқа төзе алған,  
Қауышу ғой – қызда өзге жоқ арман.  
Мәңгілікке түңілдіріп көктемнен,  
Махаббаты табытпенен оралған!

Жер төсінде соқты жүрек сыңары,  
Дүрсілінен селт етті әлем құлағы.  
Қайтқан құстың естіп жатып шатты  
әнін,  
Күзде кеткен ақ қаздардай жылады.

Рухты сарбаз нені ойлады өтерде,  
Мұңлық ғашық кімді ойлады өтерде?  
Махаббаттың алдындағы борышын,  
Мәңгілікке кетті ме екен өтеуге?

## Жұбату

Мөлдір жастар көздеріңнен сырғып кеп,  
Иығыма құлайды.

Жұлдыздардың сол жасыңа еліктеп,  
Ағатыны ұнайды!

Білсең егер қызық емес көктемге,  
Біз жақтағы барлық тау мен бар қала.  
Тек сен үшін жұбанышты жыр жазып,  
Тек сен үшін келіп кетті Арқаға!

Жүрегіңнің бар жарасын жазсын деп,  
Өтінейін күндер менен түндерге.  
Жаным, сені қалай ғана жұбатам,  
Өз-өзімді жұбата алмай жүргенде!



## Бастау

Жарасы ауыр қанша сырды ашпадым,  
Зынданға әкеп қанша ойымды тастадым.  
Өз қалпына келтірем деп әлемді,  
Өз бөлмемнен бастадым.

### Жалғыздығым

Жалғыз досым, ол досымнан қашпадым,  
Одан басқа жоқ қой менде басқа мұң.  
Жалғыздарды жұбатуға бел буып,  
Өз-өзімнен бастадым.

Биіктікке шығу үшін,  
Ғұмыр керек, ал, құлауың қас-қағым...  
Биіктікке құмар менің жас жаным.  
Ең биікке шығамын деп бел буып,  
Ең тереңнен бастадым.

Мейірім іздеп,  
Он үшімде өлең жаза бастадым,  
Сол өлеңнің ұқпады ешкім астарын.  
Адамзатқа үйретем деп сүюді,  
Тумаластан бастадым.

Бір тілерім:

Жүрегіңдей таза болсын аспаның,

Бір білерім:

Мөлдірліктен туады екен асқақ үн.

Зұлымдықтан тазартам деп жер шарын,

Жүрегімнен бастадым!



\*\*\*

Көктемімді қимай жүр ем өлдіге,  
Қаһарлы қыс,  
Тереземе сурет салып жатқанда.  
Сол қимасым қайта оралып келді де,  
Құшағыма енді кеп,  
Қарамай-ақ ақпанға.

Бойындағы қорқынышпен санаспай,  
Тіршілікке еш көрінбей жасырын.  
Біздің жақтың боранынан адаспай,  
Мені тауып қалай келген асылым?!

Қарап тұрып бөлмемдегі айнаға,  
Тарағанда ұзын қара шаштарын,  
Сол бір сәтте түннің барлық перісі,  
Түнді жаңа көргендей  
Шайқап еді бастарын.

Ал үстінен шешкен кезде көйлегін,  
Қайыңдардың қабақтары түйіліп,  
Шорт сынудан қорықпай,  
Қызғаныштан қар жалаған иіліп.

Сүйді мені, сүйе түссін кідірмей,  
Дүниенің бар ләззаты аз маған.  
Оттан да ыстық демінен,  
Ақпан ханның ордасы,  
Еріп кете жаздаған.

Мейрамына мен сыйлаған әтірді,  
Бүршік жарған бау-бақшаға сеппекші.  
Мен сыйлаған гүлдерді,  
Сәуір айы келгенде,  
Дала-қырға екпекші.



\*\*\*

*«Көп ішінде бір жалғыз...»*

*Шалкиіз жырау*

Ізім менің қалды талай ой-қырда,  
Шер дүниенің шерлі жыры мойнымда.  
Көктемді іздеп сан есікті қақтым мен,  
Өлең дәптер қойнымда!

Шындығымды түйсігіммен айырып,  
Мастығымнан өлеңді ойлап айығып,  
Аман жүрмін дұшпандардың сүңгісін,  
Кекілімдей қайырып!

Жақын таппай көзім жасын сүртерге,  
Тауға безіп таң атырдым күркемде.  
Қатарымнан сырлас таппай ашынып,  
Ерте есейіп дос та болдым үлкенге!

Өзегіңді ашытады күйік кей,  
Күйік кейде неге сонша сүйікті, ей?!  
Жусандайын мейірім таппай көп белден,  
Жалғыздыққа ауып кеттім киіктей.

Жолым осы – түгім де жоқ құр қалған,  
Өлтірмейді, жетелейді нұрлы арман!  
«Көп ішінде көп мұңайып» жүрмін мен,  
Енді маған қайт дейсің ей, сұм жалған?!

## Вокзал

Біле алмай қойдық, не керек өзі нақ жанға,  
Күтетін бізді көктем бе, әлде, жаз ба алда?!  
Жол дорба толы үмітін сүйреп, арқалап,  
Күтері жоқтар ағылып жатыр вокзалға!

Көз жасы тамған топырақты алып уыстап,  
Шер болып қалған естеліктерден жылыстап,  
Қол бұлғамастан кету де керек, дегенмен,  
Өзге вокзалда кім күтеді екен гүл ұстап?!

Ілесе алмай арман тұлпарға жалы ұзын,  
Көктемнің күз боп, ақпан боп нұрлы тамызың.  
Жалғанда мынау күйерге жаның себеп көп,  
Купеңде ішер шәйдан да күйер ауызың!

Кетермін бір күн, мені де арман арбайды,  
Жол серік болып қимастық пенен тау қайғы.  
Батармын ойға вокзалдан ұзап кеткен соң,  
Жас сіңіп қалған әйнекке басып маңдайды.

Кететін шақта кететініме өкпелеп,  
Тағарымды айтып тағдырға кінә текке көп,  
Перонда тұрып, көзінен моншақ үзіліп,  
Бір Лэйлэм келіп сыбырласа ғой «кетпе» деп!

## Сендер үшін

Мен тау болып тынайын бұлтқа оранып,  
Зарымды айтып қайтемін жұртқа налып.  
Үнсіз жылап өтейін сендер үшін,  
Сыртқа шықпай бар құсам ұртта қалып.

Көл боп ғұмыр кешейін сендер үшін,  
Бақ құсымды күтуге өлген ішім.  
Көміңдер кеп запыран сырларыңды,  
Көр боп ғұмыр кешейін сендер үшін.

Қайыңдар боп өтейін кіл арман, жыр,  
Терегімнен ақпанда шыға алған бүр.  
Ал, махаббат жылатса үнсіз келіп,  
Мені ғана құшақтап жылаңдар бір.

Арпалысып сан жылды жасарсыңдар,  
Кезікпесі мәлім ғой осал сындар.  
Мұз боп ғұмыр кешейін, мұңлықтарым,  
Күйік шалған кеудеге басарсыңдар.

Жер болайын көтерер құлағанда,  
Жер көтермес жалғанда күнә бар ма?!  
Сөз боп ғұмыр кешейін – ең аяулы,  
Жақыныңды жұбатар жылағанда.

Шашу шашар үміттен Күн – шар шыға,  
«Шаршадым» деу жылауға сылтау, сірә?!  
Жауларыңа айналып зар болайын,  
Көздеріңнен таматын бір тамшыға.

Сусындаңдар, Жайықтай ақсын әнім,  
Тілегіңді Тәңірден нақ сұрадым.  
Сендер күліп өтіңдер кең жалғаннан,  
Жер бетінде аз қалған, жақсыларым!



## Ақпан құрбым

Жүрегімде жыры мен мұңы қалды,  
Қолда еріген қардың да үні зарлы.  
«Сені тастап ешқайда кетпеймін» деп,  
Ақпан құрбым жәутеңдеп тұрып алды!

Өз жолыңмен бара ғой, қарайлама,  
Қоштасқаннан болған ба оңай жара?!  
Өз көшіңнен қалдырып, жаным сені,  
Жамандыққа қияйын қалай ғана?!

Кетеріңді біле тұра  
Сүймес едім өзіңді санам болса,  
Сүйген – жүрек, ісіне амал қанша?!  
Тамып кеткен жасымды бауырыңа,  
Сақтағайсың тұмар қып оралғанша!

Көңім қалың күйдірген шерім қалың,  
Емдей алмас жанымды небір жауын.  
Бірімізді-біріміз құша алмастай,  
Қарсы жазған біздерге өмір заңын.

Сыңсу айттың – ешкім жоқ құлақ түрген,  
Өткен күнді еске сап жылап, күлген.  
Бұйдасы алтын түйеге жасау артып,  
Сені, қалқам, құдаға ұзаттым мен!



Қол бұлғаудан басқа амал жоқ  
Тартылған талай керме,  
Бір күрсініп үңілдім маңай, көлге.  
Көз жасыммен әрледім сәукелеңді,  
Қош, құрбыжан, артыңа қарай көрме!



## Қара қарға

Аққуларың,  
Айырылса да қан жұтып сыңарынан,  
Дәл өзіңдей қасірет шеккен бе олар?!  
Қызыл қанға бояған ақтың бәрін,  
Неше зұлым ғасырдың көзін көріп,  
Жүрегің де қарайып кеткен болар?!

Қара қарға,  
Шежіре құс кеудесі шерге толы,  
Бақсы болсам мен саған табынар ем.  
Сала-тұғын айықпас жара жанға,  
Жасаураған қап-қара көздеріңнен,  
Көрінеді қап-қара тамұқ әлем.

Күн батқанда,  
Сені көрем төбемде қанат жайған,  
Менен басқа ол сырды білген кімдер?  
Қарқ-қарқ етіп асығып бір жақтарға,  
Дамылдамай қағылып қанаттарың,  
Өтіп жатыр байқалмай күн мен түндер.

Мына маған,  
Жүрегіңе ем іздеп келсең егер,  
Өлең ғана өзіңе ұсынарым.  
Адамы жоқ егіліп жыламаған,  
Бұл жалғанда ғасырдан ұзақ жасар,  
Қандай ғана қарғысқа ұшырадың?

Шамаң қанша,  
Тіл қата алмай өзіңдей қайғы жұтып,  
Қан мен жасқа тұншығып жатыр далам.  
Сөйлеп кетсең бір күні адамдарша,  
Адамзаттың сел тұрып көз жасынан,  
Жер бетіне келеді ақырзаман.



## ҰРЫ

Дүрсілдейді –  
Білегімде жүрегі сұм ұрының.  
Мың білекте тағылып жүрсін мейлі,  
Қай жерлерде ілініп тұрсын мейлі,  
Ұсталмаған ол ұры күні бүгін...

Тұмшалады,  
Көздерімді желпіген жылдар жалы.  
Өлім үнін естіртіп тұрса-дағы,  
Сол жүректің бар әлем тыңдарманы!



## Күттің бе?..

Жүрегің толқып, сен мені жаным күттің бе,  
Топ-толық айға, сағыныш туын тіктің бе?  
Үйімнен шығып асығып барам мен саған,  
Өзіңе деген өлеңді жазып біттімде.

Арқанда сенің біреуді, қалқам, ұмыттым,  
Мұздаған жанды сәулеңмен шарпып  
жылыттың.  
Сәулеңді жинап жүргенде мені сен күтін,  
Шамдарын жағып тұрғандай болад тынып  
тұн.

Күте түс, жаным, шыдай түс, жаным, тағы да,  
Тұлпардың асау жармасып келем жалына.  
Жармасып келем, қуанып келем тасынып,  
Сыйлайтын жылу өмірде сенің барыңа.

Жүрекке соққан сезімнің жырын жырлатып,  
Көзіңде терең ашылмай қалған сыр – жақұт.  
Күттің бе, жаным, күттің бе, жаным, сен  
мені?  
Өмірде мынау күтудің өзі бір бақыт!

## Алаңсыз күндер моласы

Оралмас менің өткенім,  
Алыстап кеткен жағасы.  
Мектебім, менің мектебім,  
Алаңсыз күндер моласы.

Айырды уақыт өзіңнен,  
Жүректе долы жарылыс.  
Жас болып аққан көзімнен.  
Тұншыққан іште сағыныш.

Күнтізбе толы сандар да,  
Уақыттың сайқал тыңшысы.  
Таңдарды жалғап таңдарға.  
Өзгермес ешбір түр-түсі.

Қоңырау шылдыр естіліп,  
Жасымды аққан көп сұрттім.  
Қалса да үні ескіріп.  
Күйінен артық Моцарттың.

Мектептен бақыт теріппін.  
Түспейтін мәңгі бағасы.  
Осында, міне, Еріктің,  
Алаңсыз күндер моласы!

*2015 жыл.*

**Сағыныш  
(Қарындасыма)**

*Көкірегіңде сағыныш барда, мұрат та  
сенде бар, жаным,  
Алдыңда тұрған қыраттың сағын  
көрінбей жатқан ар жағын...*  
**Т. Айбергенов**

Үмітім менің үміттер бағын,  
Жайқалтар әсем бүрлетіп.  
Жап-жарық сонау үмітімді алып,  
Мұратқа тынар Күн жетіп.  
Әлемнің күллі сағыныштары,  
Мазалар бәрін күні-түн барып,  
Сағынышымды үлгі етіп.

Мен күлген шақта мөп-мөлдір көзге,  
Шаттықтан қалар жас ұйып.  
Сілкінер сосын күй тыңдап барып,  
Тау тағдыр артқан тас иық.  
Айдын көлдердің құстары барлық,  
Ұшады, жаным, қиқулап барып,  
Сағынышыма бас иіп.

Жүрегің құштар ең қымбат жанның,  
Есімін жүрсең жыл атап.  
Маржан моншақтай тізілген күндер,  
Сыйлайтын шығар бір атақ?!  
Сағынған жанға сыйлаймын десең,  
Жайқалар мәңгі үзілген гүлдер,  
Сағынышыңнан қуат ап.

Жаныңа жақын бір әнді тыңдап,  
Аңсаумен өтсін әр күнің.  
Аңсамай қалсаң жарылыс өтін,  
Тәңірге бермей сәл тыным.  
Мәңгі өмірді аңсап өлмеймін десең,  
Сағынбай қалма, жарқыным!



## Күз

– Бұл не тырсыл,  
Жаңбыр ма екен көптен бері жаумаған?  
Тырсылынан сыздап кетті-ау жан жарам.  
– Жоқ, анашым, жапырақ қой саулаған.

– Күз келді ме сары түсті көйлекпен,  
Көйлегі оның сұлу еді, ой, неткен!  
– Жоқ, анашым, күз емес ол сіз көрген...  
Күзгі балға бара жатқан бойжеткен.



## Көктемге хат

Саялым-ай,  
Бар қуаныш, қайғысын отбасымның  
Білем десе біреулер сендей білсін.  
Құшақ-құшақ гүліңді ап баяғыдай,  
Біздің үйге сен неге келмей жүрсің?

Өзіңді іздеп,  
Жылуы жоқ жүректей бөлмелерден,  
Бүлдіршін де таусылды табанынан.  
Ол іздеген жылуды көрге берген,  
Қар жаудырып барлығы қабағынан.

Ара суып,  
Махаббат пен көңілді талақ етіп,  
Хал білісіп келмей жүр ағайын да.  
Тұлпарыңды жаратып, таң асырып  
Жет тездетіп, күтейін қонақ етіп,  
Сыбағаңды қазанға салайын да.

Сенесің бе,  
Жылу таппай ешкімнің жанарынан,  
Өлеңіме жылынып аман қалдым.  
Қалу мақсат емес түк ел есінде,  
Тек өлместің қамы үшін қаламды алдым!

## Жазу

Құладым деп,  
Шөлмектерді босаттым уға толы,  
Мұңға толы жүректі ұғамын деп.  
Мен жүректі ұға алмай мені де ешкім...  
Өксіп-өксіп ақыры жыладым кеп.

Мұңы желкен,  
Бір сезімнің жүрмін мен жетегінде,  
Өлең жазып қалармын бүгін-ертең.  
Жазу-жазу демекші, басым менің...  
Көз көрмейтін бір жаққа кетемін бе?  
Жазу керек болып тұр екеуінде!



## Әке

Дауылмен дауылша алысып,  
Боранмен боранша алысып,  
Бөрімен бөріше қарысып,  
Жүйрікпен жүйрікше жарысып,  
Әкешім, өтті-ау жастығың.

Қаз мойын асауды үйретіп,  
Жауыңды құлатып, күйретіп,  
Тақымға салып ап сүйретіп,  
Ақылға жүректі билетіп,  
Кештің-ау ғұмыр, әкешім.

Дала мен дала боп құлпырып,  
Кеудеңе бір жылы жыр тұнып,  
Теңіздей бір тулап бір тынып,  
Тағдырға көндікпей бұлқынып,  
Әкешім, өтті-ау дәуренің.

Бетіңде әжімің тереңдеп,  
Бәріне алаңдап, елеңдеп,  
Мен үшін жаныңды берем деп,  
Төбемнен нұрыңды төгем деп,  
Зырғуда, әке, өмірің.

Аспанда ойнатып жасынды,  
Ақ түске боятып шашыңды,  
Күн сайын идіріп басыңды,  
Күздей боп қуратып жасылды,  
Әкешім, келді-ау кәрілік.

*2016 жыл.*

## Пәктік

Құраласқан бақыты шаттығымен,  
Періштелік пәк күндер тәтті, білем.  
Табанымның астында ақ ұлпа қар,  
Ыңырсыйды айырылып пәктігінен.

Хақысы жоқ сүттің де бұзылмауға,  
Хақысы жоқ күннің де құбылмауға.  
Тым биікте тұрса да Аспан ару,  
Боялады етегі қызыл қанға!

\*\*\*

Екі мың жыл қалыптасқан  
Күллі заңды теріс қып,  
Келіп тұрмын, көріктім!  
Мынау, ғұмыр сондай ұзақ,  
Сондай шексіз кеңістік,  
Күткен шақта соны ұқтым!

Сен тұратын он қабатты үй –  
Пәк сезімнің қағбасы,  
Өлең оқып бас ұрған!  
Сол бір үйдің гүлді ауласы  
Мәжнүндердің ауласы,  
Күміс моншақ шашылған!

(Біз кездескен жылы жақтың)  
Көшелері сол әлі,  
Желге еркелеп тұр бағы.  
Ең бір алып ұшақтар боп,  
Бөлмеңе кеп қонады,  
Жұматайдың\* жырлары.

Қара түнге таба ғып,  
Күттірген талай таңдардың  
Ұқсайды саған қылығы.  
Саған деген сағыныштай,  
Күте білген жандардың  
Мәңгі болсын ғұмыры!

*\* Ақын Жұматай Жақытбаев*

\*\*\*

Әлем сұлу жарық Күнмен, адаммен,  
Сездім оны шаттығыммен, жараммен.  
Бір жарқылды көрмей қалам деймін де,  
Кірпігімді қорқынышпен қағам мен!

Кеудемдегі қуанышым асқынып,  
Көтере алмай қалам кейде бастығып.  
Әлдекімнің күлкі көрсем жүзінен,  
Қуанамын көздеріме жас тұнып.

Біз бақытты күтіп жүрміз налып құр,  
Шынайылау күле де алмай жарып бір.  
Ал, шынында таудай бақыт кеудемнің,  
Сол жақ тұсын әлі күнге қағып тұр.

## Көктем

Ниеттес боп таулар менен қырқалар,  
Күтіп жүрміз, көп кешікпей жет, көктем!  
Күндіз-түні жауған мынау ұлпалар,  
Сені ойлаған түндерімдей көп неткен?!

Жүрсің бе сен алыс-алыс жақтарда?  
Артта қалған қайыңдарға алаң боп.  
Тереземде жазылған көп хаттарда,  
О, көктемім, өзің жайлы хабар жоқ!

Аяз сорды мынау қара халықты,  
Кедей сорлап бай айырылды малынан.  
Шамадан тыс озбырлығы қажытты,  
Ақ патшаны құлат келіп тағынан!

Сәулелерін шек қып шертсін Күн шығып,  
Тіршілікке жан бітірсін күй демің.  
Мына сені қалай күтсе тіршілік,  
Мені солай күтсе деймін сүйгенім!



## Ауылым

Ауылымның қына біткен тасы да,  
Талайлардың мінезінен жұмсақтау.  
Шығып көрсең өр таулардың басына,  
Мүмкін емес мұң шақпау.

Әжелердің күйе басқан қазаны,  
Талайлардың жүрегінен тазалау.  
Аспанынан естілгенде қаз әні,  
Қаз боп ұшқан күйді кешсең ғажап-ау!

Талайлардың көңілінен жылылау,  
Ауылымның ең қаһарлы қысы да.  
Ауыл жұрты ар-ұятты ту қылып,  
Тау шыңының іліп қойған ұшына.

Қайыңдардың алтын еткен жасауын,  
Ешбір жерде атқан емес бұлай таң.  
Мініп көрсең қырда жүрген асауын,  
Бұл өмірді жуас дер ең, шын айтам.

Сауық қуған ауылымның тентегі,  
Ақынмын деп айта салса сенерсің.  
Әжім басқан дидарынан таулардың,  
Менің ұлы тағдырымды көрерсің



## Жаңа жылдық элегия

Шыршаны айналдық,  
Кішкентай жүректі тулатып,  
Әндеттік, әлемді шулатып.  
Шыршаға тағылған жұлдыздан,  
Көктегі жұлдыздар үн қатып...

Шыршаны айналдық,  
Сезімнің қолын ап алғашқы,  
Сол сәтте әлде бір діріл кеп,  
Тамырдан дәл басты.  
Шыршадан біз бірге қайтқанбыз,  
Із қайда? Қар басты.

Шыршаны айналдық,  
Алаңсыз болдық па мұнша біз?!  
Жылтыры аз болсын, бәрібір,  
Әдемі болатын шыршамыз.  
Біздегі балалық,  
Осынау өмірге –  
«Сан жетпес» күлкімен  
Тәп-тәтті мұң қарыз.

Біз алар сыйлықты,  
Анамыз сарқыттан жинайтын.  
Мал баққан әкемнің жүзіндей,  
Қалтада қуырған бидай-тын.  
Аспанда отшашу шашылса,  
Әлдене мәңгіге сөнердей,  
Көзіміз қимайтын.

Он екі болғанша  
Шанамен зауладық,  
Сытылдық түнектен.  
Таулардан әрірек бармадық,  
Балалар елінен алғаш боп,  
Таулардан кім өткен?!  
Аяз да батпайтын,  
Сескеніп тап-таза жүректен.

Жиырма үш  
Елудің тоғызы,  
Бір минут. Есейіп кетеміз.  
Білдік пе! білді ме көкеміз?  
Бәрі де есейер – қайғылы!  
Өшеді із.  
Осылай шыршаны айналып,  
Есейіп кетеміз.  
Білдік пе!  
Білді ғой көкеміз!

## Алтын тау

*Ауыл жұрты тау ішінен бөтен көліктерді жиі аңғарады екен. «Олар – алтын іздеушілер» дейді.*

Кент тауының бауыры,  
Сары алтынға толы екен.  
Көп қарағай тамыры,  
Сол алтынға жол екен.

Алтыны көп бабамның,  
Жаулары да мол екен.  
Алтыны бар даламның –  
Тау дегені соры екен.

Сейілмейді тұманы,  
Жүрер жолы тар екен.  
Адамның да жыланы,  
Сол алтынға зар екен...

Ұға да алмай жүрміз көп,  
Әр тасында қолтаңба.  
Періштелер жұлдыз боп,  
Жауады ылғи сол тауға.

Қасиетіне бас ұрар,  
Кетпес оны тастап ел.  
Әттең алтын жасырар,  
Таппаған ба басқа жер?!

Мынау байтақ даламда!

## МАЗМҰНЫ

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ. Алғы сөз	3
«Қазығұрттың басында кеме қалған...»	6
«Аярға да мұңын шаққан жат болмай...»	7
Перзент жыры	8
Селеу	9
Қасыммен сырласу	10
Аңсар	11
Қағаз ұшақ	12
Әсем	13
Бір тал раушан	15
Қара шапан	16
Орман қызы	17
Тау етегін жайлаған ауыл	18
Сұр қоян	19
Он сегізім	20
Аялдама	21
Коллекционер	22
«Кеткен бақыт оралмайтын секілді...»	23
Жан досқа	24
Біздің жақтың бұлттары	25
Тұман	26
«Шашыңды сенің көрпе қып...»	27
Райхан гүл	28
«Сөзімнен іздеп дертінің емін, дәруін...»	29
Үзілген үміт	30
Түймелер	31
Шыңғыс Мұқаевқа	32
«Ыстық жалын солқылдатып тамырын...»	33
Дәрігерде	34
«Күю, налу – кең әлемді тарсынып...»	35
Жоламан Әйткенге	36

Сиыр сату	38
Шілде	40
Қармен сырласу I	41
Қармен сырласы II	42
Ерзат Ермағанбетовке	43
Экспромт	45
Талды өзені	46
Қағаз кеме	47
Құлабыз	48
Іңірдегі ой	51
Азамат Шоқшинға	52
Рухтандыру	54
Сәуірде	57
Торыайғыр	58
«Сағынышты биігінен түсірмей...»	60
Қар ғұмыры	61
Мәңгі борыш	62
Жұбату	63
Бастау	64
«Көктемімді қимай жүр ем өлдіге...»	65
«Ізім менің қалды талай ой-қырда...»	67
Вокзал	68
Сендер үшін	69
Ақпан құрбым	71
Қара қарға	73
Ұры	75
Күттің бе?	76
Алаңсыз күндер моласы	77
Сағыныш	78
Күз	80
Көктемге хат	81
Жазу	82
Әке	83

Пәктік _____	84
«Екі мың жыл қалыптасқан...» _____	85
«Әлем сұлу жарық Күнмен, адаммен...» _____	86
Көктем _____	87
Ауылым _____	88
Жаңа жылдық элегия _____	89
Алтын тау _____	91

# Ерік Нарын

## МӨР

Редакторы: Жәнібек ӘЛИМАН

Корректор: Берік Сейсенұлы

Көркемдеуші: Елена Курлаева

Дайын электрондық тасымалдаушыдан  
«TENGRİ LTD» баспаханасында басып  
шағырылды.

Қарағанды қ., Буқар Жырау көшесі, 84

тел.: 8/7212/43-19-54, 99-60-88,

8 700 222 37 22

8 702 222 30 22

Басуға: 3.06.2019 ж. қол қойылды.

Пішімі: 60\*84/16. Офсетті қағаз. Офсеттік басылым.

Шартты баспа табағы 2,79. Таралымы 500 дана.

Тапсырыс № 19182



Ерік НАРЫН – 1997 жылдың  
17 маусымында Қарағанды  
облысы, Қарқаралы ауданы,  
Қасым аулында дүниеге  
келген. Академик Е.Бокетов  
атындағы Қарағанды  
мемлекеттік университетінің  
түлегі.

Халық қаһарманы Жұмабек  
Тәшенов атындағы «Жылдың  
үздік ақыны» сыйлығының  
иегері.

...ер Нарин  
...азу АН  
...Қар  
...ндозор  
...м  
...м  
...м